

АЛТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№49(59) 6 желтоқсан 2024 жыл

Білім мен тәрбие

АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР ДЕ, АТҚАРЫЛАР МІНДЕТТЕР ДЕ БАР

Тіршілік атаулы бұл күндері жиырма бірінші ғасырдың тыныс-тірлігімен тыныстауда. Жиырма бесінші ғасыр келсе де адамзат дамуында оның білімі мен тәрбиесі ең өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Демек, білім саласы басқа мемлекеттер секілді қазақ елінің дамуында да ең маңызды сала болып табылады. Бүгінгі әңгімемізде тұрғындар саны көп өңірлердің бірі Алматы облысындағы білім саласы төңірегін сөз етпекпіз. Осы мақсатпен облыстық Білім басқармасының басшысы Салтанат Дауыспекқызы БЕСПАЕВАМЕН жолыққан болатынбыз.

- Салтанат Дауыспекқызы, Алматы облысы-жоғарыда айтқанымыдай, еліміздегі ең ауқымды, тұрғындар саны көп өңірлердің бірі. Осыған байланысты білім саласында да шешімін табуы тиіс мәселелер орын алып отырады. Осындай мәселенің бірі, демографиялық өсім мен оңтүстік астана айналасына деген миграциялық ағым нәтижесінде оқушы жыл санап өсіп келеді. Бұл қосымша оқу орындарын, педагогтар мен қаражатты қажет етері сөзсіз. Облыста осы мәселе қалай шешімін тауып келеді?

- 2024-2025 оқу жылында 479 үлгідегі мектепте 367 325 оқушы білім алуға (былтырғы жылмен салыстырғанда 13 990 бала артып отыр). Оның ішінде мемлекеттік мектептер саны - 433, ондағы оқушылар саны - 352 103. Былтырғы жылмен салыстырғанда 9 604 балаға немесе 527 сынып комплектісіне артып отыр (2023-2024 оқу жылында 429 мектепте - 342 499 оқушы).

Облыста бала санының артуымен қатар, педагогтар саны да артты. Өткен оқу жылында 31 751 педагог жұмыс істесе, 2024-2025 оқу жылындағы педагогтар саны 33 349, яғни былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 1598 педагогке артты.

Осыған орай 4 млрд 710 млн теңгеге қосымша қажеттілік туындап жергілікті бюджеттен қарастырылуда.

2024-2025 оқу жылының басында Алматы облысында үш ауысымды жұмыс істейтін 39 мектеп тіркелді. Бұл мектептердің саны аудандар бойынша төмендегідей бөлінді: Еңбекшіқазақ ауданында - 4, Жамбыл ауданында - 6, Қарасай ауданында - 4, Іле ауданында - 17, Талғар ауданында - 6, Алатау қаласында - 2.

Облыста үш ауысымды оқыту және оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 26 мектептің құрылысы жоспарланды. Бүгінгі күнге дейін 5 мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл мектептер:

Қарасай ауданының Қошмамбет, Елтай, Долан ауылдарында әрқайсысы 1200 орындық; Көкөзек ауылында 1500 орындық; Алатау қаласындағы Еңбек ықшам ауданында 600 орындық мектептер.

Аталған мектептерге 5 320 оқушы қабылданды, олардың білім алуын қамтамасыз ету үшін 481 педагог жұмысқа тартылды. Сонымен қатар, Қарасай ауданы Өмірзақ тұрғын үй кешенінде жергілікті бюджет есебінен 900 орындық мектеп салынды және жеке инвестор есебінен Шелек ауылы мен Есік қаласында әрқайсысы 1500 орындық 2 мектеп салынып, мемлекетке сыйға тартылды.

Желтоқсан айында тағы 5 мектептің құрылысы аяқталады деп күтілуде. Бұл мектептер:

Қарасай ауданының Қаскелең қаласында (1 500 орын); Кемертоған ауылында (1 500 орын); Талғар ауданының Жаңалық ауылында (900 орын); Жамбыл ауданының Ұзынағаш (1 500 орын) және Қарғалы (900 орын) ауылдарында. Бұл мектептердің жалпы сыйымдылығы - 6 300 орын. Қалған 16 мектептің құрылысы 2025 жылға жалғасады.

- Білім алушылардың толыққанды білім алуы үшін оларға жағдай туғызылуы қажет. Осы ретте оқушыларды тасымалдау, тамақпен қамту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қалай шешіледі?

- Облыста әлеуметтік мәртебесіне қарамастан 1-4 бастауыш сыныптарындағы 143 492 оқушы толық ыстық тамақпен қамтылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына сәйкес қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін бюджет қаражаты есебінен білім беру ұйымында болған кезеңде бір

рет тамақтандыруды ұйымдастыруға жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаражатқа 5-11 сыныптардағы 34 404 (10%) оқушы (аз қамтылған отбасы балалары) толық ыстық тамақпен қамтылып отыр.

2024-2025 оқу жылында ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін жекелеген санаттағы аз қамтылған отбасылардан шыққан 5-11 сыныптардағы 34 404 оқушыға 2566,1 млн. теңге, ал 1-4 сыныптағы 143 492 оқушы үшін бюджеттен 11 млрд. 430 млн. теңге қаржы бөлінді. 433 мектептің 374-де (86,3%) типтік асханасы жұмыс жасап тұр, онда 179 188 оқушы ыстық тамақпен қамтылған.

36 асханасы жоқ бейімделген шағын жинақталған мектептерде 6648 оқушы буфеттік тамақпен қамтылған, 23 бейімделген асханасы жоқ бастауыш мектептердегі 937 оқушыға ыстық тамақ тасымал арқылы ұйымдастырылып отыр.

5 интернаттық мекемелерде 5 уақыттық ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны - 1292.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасының 82-тармағын орындау мақсатында «Әлеуметтік әмиян» арқылы тамақтануды есепке алу жобасын іске асыру бойынша Аппараттық-бағдарламалық кешенмен (АБК) (Аппараттық-бағдарламалық комплекс) қамтамасыз ету жүйесі кезең-кезеңмен енгізілетін болады. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында аудан, қала орталықтарындағы 43 мектепті 72 млн. 240 мың теңгеге, ал 2-ші жартыжылдықта қалған 194 мектепті 325 млн. 920 мың теңгеге қосу жоспарланды. (Барлығы 237 мектеп, 398 млн 160 мың теңге).

Әлеуметтік әмиян арқылы мектептерде ыстық тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну жөніндегі жобаны іске асыруға жауапты тұлғалар бекітілді. «Ұлттық білім беру

- 20, негізгі мектебі бар елді мекендер саны - 12, саяжайлар саны - 162, тиісті сыныбы жоқ елді (оқыту тіліне байланысты мекендер саны - 7) барлығы тасымалдаумен қамтылған оқушы саны 37 490.

Жалпы автобус саны - 254, оның мектеп теңгеріміндегісі - 99, жеке кәсіпкер есебінен 156 автобус.

2023 жылы лизинг арқылы 34 автобус алынған, алдағы уақытта тағы да алынатын болады. Жыл соңына дейін аяқталып, іске қосылатын жайлы мектептер есебінен 3 мектептегі 1995 баланың тасымалдану мәселесі шешілетін болады.

Облыстың білім беру ұйымдарында 24 088 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді, оның ішінде 10 530 цифрлық және 13558 аналогтық.

371 білім беру объектісі ЖБО (жедел басқару орталығы) қосылған (37 балабақша, 16 колледж, 3 арнайы мектеп, 1 балалар үйі, 314 орта мектеп).

Террористік тұрғыдан осал объектілеріне жататын 432 мектепте дабыл түймелері орнатылған.

2 топқа кіретін 283 нысанның 42- де лицензияланған күзет енгізілген, 230 объектісінде турниктер орнатылған.

- Білім берудің құрамдас бөлігі болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие беру мен кәсіптік-техникалық білім беру саласын-



білім беру мекемелерін ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жобаға 2025 жылдың шілде айында көшіру жоспарланған.

Пилоттық жобаға Қонаев қаласында 7 мемлекеттік және 11 жекеменшік балабақша 2025 жылдың шілде айынан енеді.

Облыстың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 40 колледж бар, оның 22-сі мемлекеттік (4-уі жабық мекемеде орналасқан, 1-уі денсаулық сақтау басқармасы құзырында), 18-і жекеменшік.

2024-2025 оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде 4750 адам оқуға қабылданды. Оның 3050-і және 1700-і республикалық бюджет есебінен.

2024-2025 оқу жылында колледждерде 21309 студент оқиды (12481 - мемлекеттік, 8828 - жекеменшік). Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 12538 студент білім алады (10265 - мемлекеттік және 2273 - жекеменшік).

18 колледжде 4744 орындық жатақхана бар (16 мемлекеттік, 2 жекеменшік). Жатақханаларда 2950 студент тұрады (2285 - мемлекеттік, 665 - жекеменшік). Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алатын студенттердің барлығы жатақханамен қамтамасыз етілген.

- Салтанат Дауыспекқызы, енді сөз соңында білім саласындағы жетістіктеріңіз туралы айтып өтсеңіз.

- Білім алудың басты нәтижесі білім сапасы болып келеді, ал оның нағыз көрінетін жері - білім сайыстары. 2021-2022 оқу жылында 45 оқушы, 2022-2023 оқу жылында 104 оқушы халықаралық, республикалық олимпиадалар жеңімпаздары атанса, тек 2023-2024 оқу жылының ішінде 145 оқушы жүлделі орындарды иеленді.

Сонымен қатар, былтыр тұңғыш рет өткен республикалық ауыл олимпиадасында Алматы облысының командасы 32 жүлделі орынды иеленіп, командалық есепте республика бойынша 2 орынды жеңіп алды. «Арыстан» мамандандырылған лицейінің оқушысы Әбдікеш Мирас халықаралық лингвистика олимпиадасының, «Дана» жекеменшік мектебінің оқушысы Ильжанов Жәңгір 2 мәрте халықаралық экономикадан олимпиада жеңімпазы атанды.

Осы 2024-2025 оқу жылында ауыл олимпиадасы екінші мәрте өтіп, биылғы жылы да облыс командасы жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша республикада 16 орынмен командалық 2 орынды жеңіп алды.

«WorldSkills Qonaev - 2024» облыстық чемпионатының жеңімпаздары Астана қаласында өткен ұлттық чемпионатқа қатысып, 1 алтын, 1 күміс, 1 қола медальдар иегері атанды. Жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Әлемдік даму ұйымы мемлекеттердегі тұрақты даму мақсаттары бойынша үздік жобаларды анықтап марапаттайды.

Біздің Алматы облысы аталған қаласында өткен «Сапалы білім» номинациясы бойынша қатысып, «Үздік инновациялық тәжірибе» сыйлығының лауреаты атанды. Бұл үлкен жетістік, ортақ жеңісіміз деп есептеймін.

Жас ұрпақтың бойына білім мен тәрбие беру ісінде облыс ұстаздарының күшімен атқарылған істер де, алдағы атқарылар міндеттер де бар.

- Әңгімеңізге рахмет.

Сұқбаттасқан

Алтынбай СИҚЫМБЕК.



дағы атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырып өтсеңіз.

- Алматы облысында 1174 мектепке дейінгі ұйымда 90 456 бала (101 - мемлекеттік, 998 - жекеменшік, 72 - мектеп жанындағы шағын орталық, 3 - жекеменшік шағын орталық), мектепалды даярлық топтарында 9 191 бала мектепке дейінгі білім мен тәрбие алуға.

2-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту 93,7 %. Бүгінгі күнге мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмай отырған бала саны - 37 220 (ҰББДК/НОБД бойынша).

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде мемлекеттік білім беру тапсырысына бөлінген мақсатты қаржыны тиімді пайдалану және «бөгде жандардың» (мертвые души) тіркелуіне жол бермеу мақсатында Алматы облысының цифрлық технологиялар басқармасымен бірлесіп, биометриялық жүйені енгізу жұмыстарын жүргіздеміз. Қазіргі таңда QR-код енгізу бойынша мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар 100%, ал жекеменшік ұйымдар 97,5% қамтылды. Түсіндірме жұмыстары әлі де жүргізілуде.

Мектепке дейінгі білім беруде бүгінгі күні ваучерлік қаржыландыруды енгізу қарастырылуда.

Ваучерлік қаржыландыру немесе «Балаға берілетін ақша» ата-аналарға сапасы бойынша балабақшаны өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді, содан кейін ғана мемлекет олардың оқуын қаржыландырады.

Егер баланың ата-анасы немесе заңды өкілі басқа балабақшаны таңдап, ауыстырса, тиісті ваучер автоматты түрде онымен бірге таңдалған мекемеге жіберіледі. Жоба сапасы төмен балабақшалардан сапасы жоғары балабақшаларға көшу арқылы олардың сәтті тәжірибесін таратуға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім беруді ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жобаға өңірлерді қосу кестесіне сәйкес, Қонаев қаласы бойынша білім бөлімінің мектепке дейінгі



деректер базасы» ақпараттық жүйесіне әлеуметтік осал топтағы отбасы балалары туралы мәліметтер енгізілді.

Сонымен қатар, облыстағы 192 мектеп «Бизнес әмиянға» қосылатын болады.

2024 жылғы 2 желтоқсаннан бастап Қонаев қаласының мектептерінде бизнес-әмиянды пайдалану бойынша оқыту басталады. Оқыту «Қазақтелеком» АҚ өкілдері мен Алматы облысы цифрлық технологиялар басқармасының мамандарының қатысуымен өткізіледі.

2024-2025 оқу-жылы облыс бойынша 285 елді мекеннен (мектебі жоқ елді мекендер саны 84, бастауыш сыныбы бар елді мекендер саны

Тұсаукесер

«ӨЗІМ ТУРАЛЫ ӨЗГЕШЕ СЫР...»

Таяуда ғана Балқаш аудандық кітапханасында «Кітапхананың рухани әлемі» акциясы аясында Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, қазақ журналистикасының қайраткері, Қонаев қаласының Құрметті азаматы, Алматы облыстық «Алатау ардагері» газетінің меншікті тілшісі, жазушы, жерлесіміз Алтынбай Сикымбектің «Өзім туралы өзгеше сыр...» атты кітабының тұсауы кесіліп, қалың оқырманға жол тартты.

Мәдени шарада жаңа кітаптың авторы мен оқырман қауым ашық пікір алмасып, кітаптың шығу тарихы мен мазмұны әңгіме арқауына айналды. Алтынбай Шәкенұлының бұған дейін де жарық көрген «Әжемнің әңгімесі», «Қараой қалжындары», «Ауылды сағынғанда», «Туған жер. Родная земля» атты Күйған ауылының энциклопедиясы және «Біз филфактанбыз!» атты кітаптары жарық көріп, оқырман жүрегінен орын алған болатын.

Салтанатты шарада арнайы сөз алған аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас мама-

ны Гүлзат Сәлімжанова аудандық «Балқаш өңірі» газетінде Алтынбай Шәкенұлының туындылары жарық көріп отыратынын және оқырмандар тарапынан жазушы жайында жақсы пікірлер айтылып жүргенін атап өтті.

Келесі болып сөз алған ауданның Құрметті азаматы Марат Қашқынбаев, аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Самат Рақышев, Бақанас мектеп-интернатының кітапханашысы Жанна Нақақызы, аудандық «Балқаш өңірі» газетінің директор-бас редакторының орынбасары Бактығали Дәуітбаев қаламы қарымды жазушыға деген жүрекжарды тілектерін білдіріп, жанадан жарық көр-



ген туындысына құтты болсын айтты.

Бұл мәдени шарада қаламгердің туыстары атынан сөз алған қарындасы Гүлім Адамбекова құттықтауын жеткізіп, жазушының иығына зерлі шапан жауып, қаламы қарымды болуына деген тілегін жеткізді.

Мәдени шараға алыстан арнайы ат терлетіп келген құрметті қонақ, жазушының бұрынғы әріптесі, ауданның Құрметті азаматы Зарыққан Есілбаев қаламгердің журналистика саласына сіңірген еңселі еңбектеріне кеңінен тоқталып, «Кітап дегеніміз-алдыңғы аға ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті» деген Ғабит Мүсіреповтың канатты сөзін негізге алып, өзімен үзегілес келе жатқан жазушының қаламынан туындағын кітаптардың кейінгі ұрпаққа рухани азық екенін айтып, тілегін білдірді.

Адам рухын асқақтатып, ерекше әсер сыйлайтын салтанатты шараға М.Сенгірбаев

атындағы орта мектебінің және Б.Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары шараға қатысып, қаламгерге сұрақтарын қойып, белсенділік таныта, жезтаңдай, күміс көмей әнші Гүлшаһар Несіпбаева, «Дала дарындары» тобының әншілері әннен шашу шашып, мәдени шараның көрігін қыздырды. Қаламгер оқырмандардың сұрақтарына жан-жақты жауап беріп, олардың арасында жақсы әңгіме өрбиді.

Адамға рухани азық сіңірген жаңа кітаптың тұсауы кесіліп, салтанатты шараны қорытындылаған аудандық кітапхананың директоры Қаракөз Жұмәділова қаламы қарымды жазушыға өзінің жүрекжарды тілегін арнап, ризашылығын білдіріп, кеш қонағы Алтынбай Шәкенұлына және мәдени шараға арнайы келген Зарыққан Әбілқасымұлына құрмет көрсетіп, нықтарына шапан жапты.

Мұнан соң салтанатты шараны жүргізген аудандық кітапхананың әдіскері Ақбота Ибрагимова киелі өңіріміздің қасиетті топырағынан жаралып, есімдері халыққа кеңінен таралған ұлы тұлғалар мен батырларымызды және ақын-жазушыларымыздың есімдерін атап, қазіргі ортамызда жүрген жазушылар сол биік белестерді бағындырған қаламгерлердің ізін жалғай берсін деген тілегін арнады.

Осылайша бақ дарып, қыдыр қонған киелі Балқаш топырағында Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, қазақ журналистикасының қайраткері, Қонаев қаласының Құрметті азаматы, Алматы облыстық «Алатау ардагері» газетінің меншікті тілшісі, жазушы, жерлесіміз Алтынбай Сикымбектің «Өзім туралы өзгеше сыр...» атты кітабының тұсау кесер іс-шарасы жоғары деңгейде өтті.

Бұл ел аузында ұзақ уақыт айтылып жүретін мағыналы әрі тарихи кеш болды.

Бактығали ДӘУІТБАЕВ.
Балқаш ауданы.



Жаныңда жүр жақсы адам

Темірқазық қағидасы - Халыққа қызмет ету

Қонаев қаласының «Спутник» ықшам ауданындағы 9 подъезді №2 тұрғын үйдің жанына өткен адам оған назар аудармай өтпейді. Жөні де бар. Қаладағы ең ұзын көшенің бойындағы ең ұзын үй де-осы. Ауласы әртүрлі гүлдер мен қылқан жапырақты ағаштар, үй қасбетіндегі мурал көз сүйсінтпей қоймайды. Кім де болса бұл үйдің адамның ынтазарлығын өзіне тартып тұратын сиқырлы күшіне қандай да бір жанашыр жанның орасан еңбегі жатқандығын білмекке құмартары сөзсіз.

Иә, еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет қой. Біз үйдің қамқоршысы 77 жастағы еңбек ардагері Күләш Мүсекенова екендігін үй тұрғындарынан сұрап білгеннен кейін өзімен жолығуды жөн көрдік. «Адам сөйлескенше» демекші, Күләш Сейдахметқызының биязы мінезі өзіне бауырмашылдықпен тартып, жүзінде ұялаған нұр бойындағы адамгершіліктің асыл қасиеті мен жүрегіндегі имандылықтың тазалығын байқатқандай еді. Әңгіме барысында заңгер мамандығы бойынша қай мекемеде жұмыс істемесін маңдай терін төге жүріп еңбек етіп, адалдығының арқасында, өзі мақсат еткен асуларға абыроймен көтерілгендігін тілге тиек еткенде, өз кәсібін соншалықты мақтанш көретіндігін ұққандай болды.

Күләш Сейдахметқызы Мүсекенова 1947 жылы 1 қаңтарда колхозшы отбасында дүниеге келген. Талдықорған облысы, Ақсу ауданы Арасан ауылындағы «Қапал -Арасан» орта мектебінде комсомол ұйымының хатшысы әрі озат оқушы ретінде 1966 жылы арнайы жолдамамен Алматы қаласындағы №9 орта мектеп-интернатында оқуын жалғастырады. 1968 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға қабылданып, 1973 жылы оны үздік бітіріп шығады. Жас маман туған ауылына жолдамамен оралғанда аудан басшылары ауылдық кеңестің жауапты хатшы қызметін ұсынады.

Ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен жас маман көп уақыт өтпей Арасан ауылдық Кеңестің төрайымы міндетін уақытша атқарушы қызметіне сайланып, қым-қуыт жұмыс ортасынан бірақ шығады. Ауылдағы комсомол ұйымы, әйелдер кеңесі, мәдениет саласындағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласу арқылы іскерлік қабілетін жан-жақты таныта бастайды. Ерекше қарымын байқаған еңбекшілер депутаттары Талдықорған облыстық Кеңесі атқару комитеті қағылез қыздың қандай жұмыста болса да, адамдармен тез тіл табыса білетін қағылезділігін, саяси сауаттылығын ескере келе жұмысқа шақырып, еңбекшілерден түскен арыз-шағымдарды қабылдап, тексеру бөлімінде қызметіне жұмысқа қабылдайды. Облыстық комсомол

комитеті мен бақылау комитетінің мүшелігіне сайланып, тәжірибе жинақтау арқылы қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге сындарлы көзқараспен қарауға бейімделу баспалдығына қадам басады.

2003 жылға дейін Талдықорған облыстық қалалық мекемелерде заңгерлік қызмет атқарып, сол жылы қаңтар айында жолдамамен Қапшағай қалалық «Қазтелеком» байланыс басқармасына жұмысқа ауысып келгенде, жана тосын тапсырмалар тосып тұрған еді. Басқарма басшысы Жексенбай Арынғазыұлы екі тілді еркін меңгергені, кез келген мінберден, кез келген аудиторияны ұйытатын шеберлігін аңғарып, басқармада қазақ тілінің мәртебесін көтеру жұмысын жандандыруды тапсырады. Мұнда да уақытпен санаспай жұмыс істеп, айтарлықтай табысқа қол жеткізе білді. Бұл кезде байланыс басқармасында жұмыс істейтіндердің 51 пайызы орыс ұлтының өкілдері болатын. Бір жылдың ішінде курсқа қатысушылар ауызекі сөйлеуге дағдыланып, қазақ тілін айтарлықтай меңгеріп шығады. Оларды көтермелеу мақсатында еңбекақыларына 10 пайыз сыйақы беру де жолға қойылады. Осылайша қазақ тілін дамыту бағытында ілкімді жұмыстар ілгері басып, басқармадағы мемлекеттік тілге деген сірскен тоңның көбесі сөгілгендей кезең орнады. Туған тілге деген шынайы жанашырлығы мен ұлтжанды мінезі кейбір ұлт өкілдеріне ұнай қоймады. «Ұлтшыл» деген атаққа ие болғаны сол кезең еді.

2007-2008 жылдары «Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы» заңы мен оның негізінде қабылданған нормативтік актілерге негізделген меншіктің мемлекеттік нысанын оның басқа нысандарына бірте-бірте өзгерту, азаматтардың мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін иеленуі, мемлекеттік меншікті кәсіпорынның еңбек ұжымдарына беру, аукцион және тендер бойынша сату жұмыстары бойынша Қапшағай қаласы әкімдігінде абыройлы қызмет атқарды.

Күләш Мүсекенова-2015 жылдан бері «Спутник» ықшам ауданының №2, 4, 4/1 үйлерінің қамқоршысы. Осы үйлердің шаруашылық жұмыстарын қолға алғаннан бері қалалық әкімдік пен заң орындары, тағы басқа мекемелермен түйінді мәселелерді бірлес



отырып шешуді мақсат етіп алдына қойып келеді. Ол үйдің аумағын таза ұстауға, жасыл желекті көбейтуге бастамашы болып оған үй тұрғындарының белсене қатысуына ықпал ете білді.

- Біздің көпәтерлі үйдің тұрғындары өте ұйымшыл, ауызбіршілігі мол. Соның арқасында 2016 жылдан бастап тұрғындардың атсалысуымен үйдің аумағына гүл, ағаштар еге бастады. Содан бері ауламызда қарағай, көктерек, қылқан жапырақты ағаштары мен қытай раушаны, түймедақ, хризантема, тағы басқа әр түрлі гүлдер жайқала өсіп, көрік беріп тұр,-дейді Күләш Сейдахметқызы.

Үй ауласына көрік беріп тұрған балалар ойын алаңы 2021 жылдың мамыр айында пайдалануға беріліпті. Оның салынуына мұрындық болған Күләш Сейдахметқызының өзі екен. Қалалық бюджеттен қаржы қарастырыл- мағандықтан демеуші іздеп, талай емен есіктердің табалдырығын тоздырғанын бүгін біреу білсе, біреу білмес. «Іздеген жетер мұратқа» демекші, «Маревен Фуд Тянь-Шань» компаниясының басшыларымен тіл табысуының арқасында 13 млн теңге қаражатқа салынған ойын алаңы бүгінгі күні балалардың демалыс орнына айналған.

Қонаев қаласының көркін екі-үш жылдың бедерінде көпқабатты тұрғын үйлердің қабырғаларына салынып жатқан мұрал суреттері аша түсуде. Көшелердің көркі кіріп, мәнді де сәнді суреттердің салынып жатқанына тұрғындар да бек риза. Соның бірі №2 үйдің қасбетіндегі мурал өз өмірлерін қатерге тігіп, күн сайын азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін төтенше жағдайлар қызметкерлерінің ерен еңбегіне арналған. Бұрынғы қала әкімі Нұрлан Құматаевтың қолдауымен үйдің келбетін көріктендіруге Күләш Сейдахметқызы жол таба білді.

Жетпіс жастың бел ортасынан асса да,

таңның атысы, күннің батысына қарамай адамдардың игілігі үшін қажымай, талмай жұмыс істеп келе жатқан үй қамқоршысының арқалаған жүгін жеңіл дей алмаспыз. Әр күні үй тұрғандарының тарапынан түсетін өтініштер мен талап-тілектерді назарда ұстап, олармен тіл табыса жұмыс істеу, жылдың барлық мезгілінде жылумен, жарықпен, ауызсумен қамтамасыз етілуін қадағалау, тұрмыстық қалдықтардың уақтылы шығарылуын бақылау, ауланың тазалығына көңіл бөлу қажырлы қайратты, байыпты ақыл-ойды қажет ететіні анық. Осындай қыруар жұмысты қоғамдық негізде атқаратындықтан айлық жалақы да төленбейді. Токетері бұл-қоғамдық жұмыс.

Күләш апайдың көз алдында өзекті өмірінің, толғауы тоқсан тіршілігінің бәрі қаз қалпында өтіп жатыр. Құдай қосқан жан-жары Дәркембай Мырзаханұлы Орнықбаевпен тұрмыс құрып, бақытты шаңырақтың берекесіне бөленді. Абай, Әйгерім есімді перзент сүйді. Жұбайы Дәркенбай Ауған соғысының жалынын көріп оралған айбарлы азамат еді. Соғыстың салған жарақатынан осыдан 11 жыл бұрын ерте дүниеден озды. Өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық құндылықтарды үкілеп келе жатқан Күләш Сейдахметқызының мағыналы өмірінен тәлім-тәрбие алған немерелерінің алды Дәния Қонаев қалалық мәдениет үйінде өтетін барлық іс-шаралардың шебер жүргізушісі болса, Мерей архитектура-құрылыс колледжінің студенті, Сұңқар 7 сыныптың оқушысы, Алина 3 жаста. Бұлар-әз әженің көз қуанышы.

- Жаксылығымен айналасына нұрлы сәулесін шашып, мейірім шуағын төгіп жүрген жандар арамызда аз емес. Сондай жанның бірі біздің үйдің қамқоршысы Күләш Сейдахметқызы деп айтар едім. Маған оның қалаға сіңірген еңбегі әлі күнге елеп ескерілмей келе жатқандай көрінеді. Көзге көріне бермейтін қыруар жұмыстарды атқарып, тұрғындардың алғысына, шынайы ризашылығына бөленіп жүрген ол-«Қонаев қаласының Құрметті азаматы» деген атаққа лайықты жан. Бұл атаққа билік тізгінін ұстаған басшылық қызметтегі адамдар емес, қарапайым еңбегімен халықтың шынайы құрметіне бөленіп жүрген осындай адамдар ұсынылуы керек. Міне, сонда беріліп жүрген ол атақтың беделі мен қадірі арта түседі,-деді бізбен әңгімесінде үй тұрғыны, ардагер ұстаз Мадина Балабекова.

Рас сөз. Оған алып-қосар уәжіміз жоқ. Ал ардагер ұстаздың ұсынысынан ой түйгеніміз, Күләш Мүсекенованың еңбегіне лайықты бағаны халықтың өзі беріп жатыр. Еткен еңбек пен төгілген тердің өтеуі осындай-ақ болар. Қалалық әкімдік пен мәслихат бұл ұсынысты назарларынан тыс қалдырмайды деген сенімдеміз.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,
Қазақ журналистикасының қайраткері.

Возраст - это лишь цифра!

ТАНЦУЙ, ПОКА МОЛОДОЙ!

(64-летняя жительница Қонаева стала чемпионкой международного фестиваля танцев)

Со Светланой Федоровой мы познакомились на открытии филиала Центра активного долголетия этим летом. Здесь должны найти занятия по душе люди, ушедшие на заслуженный отдых. В городском парке, на презентации номера, Светлана сразу бросалась в глаза своей осанкой, хореографией, чувством ритма, экспрессией! Помню кто-то из журналистов, наблюдавших за танцевальной группой (60+) выделил именно ее и не удержавшись, бросил: «Как красиво! Какая энергетика! Ну какая она пенсионерка!?»

Беседуя с ней, мы узнали, что она выросла в творческой семье. Ее папа, Альберт Иванович, был директором Дома культуры города Капчагай и вообще человеком разносторонним: музыкантом, сценаристом, художником, масовиком-затейником (была при СССР такая должность). Мама, Анна Семенова, тоже с той же сферы культуры и театра - организатор, гример, костюмер, по совместительству, завхоз. Словом, на различных мероприятиях - репетициях, спектаклях, концертах родители постоянно брали

маму, продавшую садовые цветы с участка на местном рынке, а также ягоды, коренья, как прибавку к скромной пенсии. Первоначальные робость и стыдливость («что скажут люди?») быстро ушли. Изучала цветоводство, декорации по книгам. Ей понравилась красота созданных собой букетов, возможность экспериментировать, создавать новые композиции и заряжаться от общения с людьми. Однажды рассказать о своем увлечении позвали в программу о народном творчестве на местное телевидение. Бывало, «вставляли в колеса палки» ее конкуренты, завидуя, что клиентская база ее постоянно растет. И вот так уже 30 лет в цветочном бизнесе.

А вообще по первой профессии наша героиня педагог дошкольного образования, училась также на художника-живописца. В тяжелые годы перестройки и прихода рынка чем только не занимались, чтобы прокормить семью! И шитьем, и вязанием, и росписью картин под хохлому и гжель. Мастерила шляпки для дам и наряды для куклы Барби и т.п.

Супруг Сергей ввиду болезни не работает, но его биография не менее интересна и достойна пера. Он всегда мечтал был летчиком, механиком, однако жизненные перипетии и необходимость заботы о больной маме не позволили ему покорить небо, ограничив выбор на профессиях слесаря и водителя. В тоже время он постоянно занимался самообразованием, став в итоге «на все руки мастером», технарем и даже изобретателем, конструктором моделей кораблей, парусников и настоящих аэросаней.

Одно время увлекался целительством и экстрасенсорикой. Но это, конечно, отдельная история.



Вернемся к Светлане. Финансовое бремя, как выяснилось, лежит на ней, да и кроме готовки, частный дом до сих пор приходится отапливать углем и дровами.

Тем не менее, женщина, бабушка трех внуков, не унывает, благодарит, что часть

хлопот по хозяйству берет ее супруг, и оптимистично рассуждает: «Проблем хватает, иногда даже плакать хочется, но зачем это людям!? Пусть все видят только хорошее!».

Светлана всегда хотела танцевать, совершенствоваться и расти в этом направлении. Чтобы быть в хорошей спортивной форме записывалась в тренажерные и фитнес-залы. Занималась во всех танцевальных школах и студиях родного городка, ездила два-три раза в неделю на учебу за несколько десятков километров к профессиональным хореографам в Алматы. Тренироваться не прекращает буквально ни на минуту: дома, в цветочном магазине, на прогулках, в парке, на улице, сама монтирует и выкладывает ролики в ТикТок. Даже во время пандемии, ограничений на движение общественного транспорта и посещения общественных мест, не прекращала двигаться. Купила простой, механический самокат и ездила на нем по городу по своим делам. Вспоминает: «Я не просто на нем каталась, разгоняя его ногами, а старалась делать в движении различные гимнастические упражнения, сохраняя при этом равновесие. Это очень непросто! Однажды был такой смешной случай. Мой очередной выезд и упражнения на ходу по одной из улиц Қонаева увидела одна бабушка и воскликнула: «А Вы не из цирка, девушка?» До сих пор не расстанусь с самокатом». Ей близка крылатая фраза писательницы и сценариста Вики Баум: «К счастью есть короткие пути и танцы - одни из них!».

А для нашей газеты, пишущей о пенсионерах, ветеранах, интересных, мотивирующих людях, Светлана сказала вдохновляющую фразу: «Я пропагандирую спорт, движение, танцы! Нужно уметь радоваться жизни!»

Видеть красоту, учиться всегда, пока бьется наше сердце, воплощать в жизнь наши мысли и мечты! Мой девиз - СССР! Спаси Себя Сам!».

А недавно Светлана Федорова, вместе с молодым партнером, приняла участие в международном фестивале по танцам в Алматы. И заняла там, с номером «Африканская самба» - 1 место! Знающие ее люди победе не удивились: «Света достойна этого!»

Мне же хочется сказать, что Светлана подтверждает изречение: танцам все возрасты покорны! Поздравляем!

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
город Қонаев



с собой дочку. Немудрено, что в такой атмосфере праздника: музыки, песен, танцев формировались вкусы ребенка, любовь к движению, ритмам, сцене.

Сейчас Светлана имеет с дочками небольшой цветочный бизнес в областном центре. Но во флористику она пришла случайно, заменив однажды приболевшую

Вехи нашей истории

ПАМЯТНИК УЧАСТНИКАМ ВОЕННЫХ КОНФЛИКТОВ

(открыли в областном центре Қонаеве)

Недавно в городском парке областного центра прошло памятное мероприятие - открытие памятника воинам - казахстанцам, погибшим в боевых конфликтах на территориях других государств.

От имени матерей ветеранов боевых действий на таджико-афганской границе выступила Мухамеджанова А., отметившая важность проводимого мероприятия для казахстанской общественности и увековечения памяти воинов, отдавших жизни при выполнении воинского долга.

Председатель РОО «Союз ветеранов (участников боевых действий на Таджики-Афганской границе и в военных конфликтах)» М. Мухамеджанов поблагодарил акима г. Қонаев Бердыханова А.Е., акима Алматинской области Султангазиева М.Е. за оказанную поддержку в строительстве памятника.

Также выступающий поблагодарил Всевышнего и Президента Казахстана, общественность страны за достойную оценку подвига

солдат и офицеров страны. Ветераны боевых действий, по сути, первые солдаты независимого Казахстана, Президента - Верховного главнокомандующего Токаева К.К., гаранта стабильности в нашем государстве. Ветераны поддерживают политику и все начинания, проводимые в Казахстане и готовы выполнять любые внезапно возникающие задачи.

Выступавший напомнил, что 6 мая 2020 года в Казахстане вышел Закон о ветеранах, в котором 4 категориям ветеранов определен статус участников боевых действий - это ветераны боевых действий в Нагорном Карабахе (1989-1992 г.г.), ветераны боевых действий на таджико-афганской границе (1992-2001 г.г.) и в Республике Ирак (2003-2008 г.г.), а также участники войны



в Афганистане (1979-1989 г.г.). Это является проявлением заботы Президента и государства о ветеранах. И в ответ на эту заботу он призвал к консолидации вокруг Президента Казахстана. Тогда независимость и территориальная целостность страны будут в безопасности.

Мухамеджанов отметил, что родился в этом городе, здесь проживает его мама, брат и родственники, поэтому сегодняшнее открытие памятника является для него очень важным событием.

Особая благодарность была высказана гвардии полковнику запаса Касенову Е.Б., гвардии старшему прапорщику в отставке Сарсенбаеву С. С. и многим другим ветеранам, принимавшим участие в возведении сооружения.

Заместитель командующего десантно-штурмовыми войсками, гвардии полковник Худайбергенов Н. подчеркнул значимость события и его роль в деле воспитания мо-

лодого поколения граждан в духе казахстанского патриотизма. Также передал добрые пожелания ветеранам от командующего генерал-майора Джумакеева А.Д.

Председатель Общественного объединения «Союз ветеранов участников боевых конфликтов на таджикско-афганской границе» по г. Қонаев гвардии старший прапорщик Сарсенбаев С.С. заметил: «Сегодня для нас волнительный день. И хотя на нашей земле не было кровопролитных боев, это не значит, что война прошла ее стороной. Военных лишений ветераны, участники боевых действий, хватили сполна! В нашем городе до настоящего времени не было памятного места, куда могли бы приходиться люди, чтобы отдать дань памяти погибшим землякам. Сегодня в центре нашего города воздвигнут мемориал в виде раскрытой книги с высеченными именами и фамилиями 48 воинов-казахстанцев, отдавших свои

жизни при выполнении воинского долга на территории других государств».

Далее он отметил, что в возведении памятника принимали активное участие сами ветераны. Выразил сердечную благодарность всем, кто внес вклад в строительство мемориала - руководству нашего города и области, командующему десантно-штурмовыми войсками Казахстана генерал-майору Джумакееву А.Д., начальнику гарнизона г. Қонаев гвардии полковнику Аманкалиеву Б.Б., депутату областного маслихата Горяному С.В., жителям областного центра Абесинову Е.С., Сергебаеву М.А., Жолтабаеву А.А., Аширбекову М.Д.

Под оружейный салют почетного караула присутствующие почтили память павших минутой молчания. Состоялся ритуал возложения цветов военнослужащими почетного караула Қонаевского гарнизона, военнослужащими, ветеранами, юнармейцами, жителями города и области.

Завершилось мероприятие совместным фото и исполнением патриотических песен военнослужащими 35-й отдельной гвардейской ДШБр.

В мероприятиях приняли участие заместитель акима г. Қонаев Кенжебеков Т., ветераны и военнослужащие, представители общественности и жители города.

В память о павших в военных конфликтах воинов в одном из кафе города был проведен поминальный обед, после прошла церемония награждения ветеранов-участников боевых действий в Нагорном Карабахе, на таджико-афганской границе и в Республике Ирак наградами от имени руководства ветеранских общественных объединений.

Станислав ФЕДОРОВ,
подполковник медицинской
службы запаса
г. Қонаев



Мерекелік шара

ЕЛ БОЛАШАҒЫ-ЖАСТАР

Студенттік өмір-адамзаттың ең әдемі де ұмытылмас сәттерінің бірі. Ал соның ішінде, жоғарғы оқу орнының табалдырығын аттап, студенттік қатарға қабылдану рәсімі-әрбір 1 курс студенттеріне қуаныш сыйлайтын мереке. Осындай қуанышты мерекені Жалағаш ауылындағы арнайы оқу орыны болып табылатын «Көлсай» кәсіптік-техникалық колледжінің 1 курс студенттері де басынан өткізді.

Халықаралық студенттер күні мерекесі орай, Жалағаш ауылдық Мәдениет үйі мен кәсіптік-техникалық колледжінің әкімшілігі ұйымдастырған мерекелік шара колледж қабырғасында өтті.

Іс шараны өткізудегі мақсат студенттер күнін жоғары деңгейде атап өту, жастардың бойындағы мәдениеттілікті, рухани адамгершілікті, өнерге, білімге деген шығармашылық ізденістерін дамыту және дарынды жастарға қолдау көрсету болып табылады.

Шарада «Көлсай» кәсіптік-техникалық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ерлан Әділов студенттерді төл мерекелерімен құттықтап, сәттілік тіледі.

«Өмірде қайталанбас қызықты сәттерге толы кезеңнің бірі-балалықпен басталып, есеюмен аяқталатын мектеп жасы, яғни оқушы кез. Ал одан кейін үлкен өмірге қадам басып, адам өзін тұлға ретінде қалыптастыруға жол ашатын, білім мен арман қуып, өмірде ерекше естелік болып қала-

тын- студенттік шақ. Студенттің бойында жанып тұрған жастық, күш-жігер, қайрат, сұлулық, мүмкіндік бәрі бар. Ізденіс, талпыныс, махаббат, достық осының бәрін бастан кешеді. Бір сөзбен айтқанда студенттік өмір

қызықты сәттерге толы. Мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті студенттер!- дей келе бірінші курс студенттерін үлкен өмірге қадам жасауларымен шын жүректен құттықтап, кәсіп иесі атануды мақсат еткен өрендерге студенттік билет табыстады.

Сондай-ақ, шара барысында Алматы қалалық «NOMAD» бокс клубының жасөспірімдер арасында өткен бокстан республикалық ашық турнирде 57 кг салмақ дәрежесінде бірінші және үшінші орын алған аталмыш колледждің 1 курс студенттері Абзал Жексенбайұлы, Санжар Таиров арнайы кубок, медальдармен марапатталса, қоғамдық жұмысқа белсене атсалысқан жастарға, 1 курс студенттері Тұлдыш



Знай наших!

ПОЗДРАВЛЯЕМ ЧЕМПИОНОВ ИЗ ПОСЕЛКА БОРАЛДАЙ!

В ноябре текущего года в Ташкенте прошел XV Чемпионат мира по карате-до Шотокан среди юношей, кадетов, взрослых и ветеранов. В соревнованиях приняли участие 2511 спортсменов из 23-х стран. В общекомандном зачете первое место заняла сборная Казахстана, второе - Россия, третье - Кыргызстан, а четвертое - Узбекистан.

С гордостью сообщаем, что молодые каратисты п.Боралдай вернулись с престижных соревнований с высокими результатами и стали чемпионами мира!

«Golden Tiger Cup». Спортивный клуб уверенно занимает лидирующие позиции в мире боевых искусств с момента своего основания в 2016 году. Клуб возглавляет



Ими, благодаря своему упорству и воле к победе, по карате-до Шотокан стали: Талант Адия (14-15 лет) - ката, золото; Мадияркызы Диана (10-11 лет) - ката, золото; Бакыт Анель (16-17 лет) - ката, золото; Муратова Айзере (14-15 лет) - ката, серебро; Лим Алэн (8-9 лет) - ката, серебро; Бахытжан Малика (10-11 лет) - ката, золото; кумите, бронза; Утеева Рамиля (8-9 лет) - ката, серебро; Зукен Гаухар - кумите, бронза; Сакибаева Айым - ката, серебро; Гончаров Михаил - ката, серебро; Сабиржанова Камила - ката, серебро.

Бостанова Айдана Бахытжановна - мастер спорта международного класса, двукратная чемпионка мира и наставник с большой буквы. Под её руководством уже выросло целое поколение спортсменов, для которых сила духа, уважение и дисциплина стали жизненными ориентирами. Айдана Бостанова воспитала 19 чемпионов мира, став символом вдохновения и веры в собственные силы для всех, кто стремится к вершинам спортивного мастерства. Последние соревнования по версии WKS, прошедшие недавно, стали очередным под-

тверждением высочайшего уровня подготовки клуба. В них приняли участие 11 спортсменов из «Golden Tiger Cup»: четверо из которых завоевали титул чемпиона мира, а остальные семь стали серебряными и бронзовыми призёрами, продемонстрировав силу, мастерство и выдержку на мировом уровне. На сегодняшний день клуб объединяет около 50 спортсменов, каждый из которых вносит свой вклад в его славную историю. Среди них – чемпионы Алматинской области, города Алматы и Республики Казахстан. «Golden Tiger Cup» является не просто местом тренировок, это школа жизни, где детей и взрослых учат не только технике, но и умению преодолевать трудности, быть уверенными в себе и

следовать высокому моральному кодексу. Спортивный клуб продолжает активно развиваться, укрепляя связи с мировыми федерациями и объединяя под своими знаменами тех, кто стремится к личному и профессиональному росту в карате. Поздравляем молодых спортсменов с невероятным достижением! Желаем дальнейших успехов, крепкого духа и новых ярких побед!

Жұлдыз Бузауқызы,
гл. специалист аппарата акима п.Боралдай Илийского района

Гигиена труда

Что такое Вредные и неблагоприятные факторы и их Влияние на здоровье человека в процессе трудовой деятельности

В современном мире работа для человека - это важная составляющая его жизни. Она необходима для самореализации и для финансовой стабильности. Любая работа и деятельность оказывают влияние на здоровье человека. Некоторые профессии связаны с вредным производством. Они создают повышенные риски для здоровья и жизни человека. Такие категории установлены еще со времен Советского Союза и закреплены законодательством. Все мы помним, как раньше «за вредность» на заводах давали молоко. Поговорим подробнее о том, какие условия производства считаются вредными в настоящее время, какие специальности с этим связаны, какие существуют компенсации.

Условия труда отражаются как на производительности, так и на здоровье человека. Они могут быть:

- Безвредными. При таких условиях влияние вредных факторов на человека не превышает установленные нормы.
- Вредные условия труда - это условия, при которых осуществляется неблагоприятное влияние на здоровье человека. Вредные условия зачастую могут приобрести и характер опасных. Опасными они считаются в том случае, если человек рискует не только здоровьем, но и жизнью.
- Влияния на здоровье человека могут быть: Химическими, когда работа связана с химическим веществами.
- Биологическими когда работа связана с биологическими смесями и веществами.
- Физическими факторами, а именно влияние на человека пыли, шума, вибраций, излучения, влажности, а также освещения.
- Трудовыми превышение интенсивности и тяжести выполняемых работ. Так же продолжительности рабочего дня.

Любая работа отражается на здоровье человека. Можно выделить несколько степеней вредных условий труда:

1. Первая степень, когда вредные факторы трудового процесса провоцируют развитие ухудшения здоровья, но после прекращения контакта с вредными факторами производства здоровье человека восстанавливается.
2. Вторая степень, когда при длительной работе во вредных условиях ухудшение здоровья становится устойчивым и это проявляется в профессиональном заболевании.
3. Третья степень, когда неблагоприятные условия труда могут вызвать утрату трудоспособности.
4. Четвертая степень, где профессиональные заболевания проявляются в тяжелой форме вплоть до полной потери трудоспособности.

При оформлении на работу, с каждым проводится инструктаж по технике безопасности и даются разъяснения о вредных условиях труда. Существует список, который утвержден законодательством РК о том, какие вредные условия труда подлежат компенсации.

Все работающие в условиях вредного воздействия на здоровье должны проходить периодические медицинские осмотры, согласно установленным требованиям, в зависимости от категории работы, воздействия вредных факторов на организм. Перед поступлением на работу проводят предварительный медицинский осмотр.

Важным условием профилактики является соблюдение гигиенических нормативов физических факторов на рабочем месте.

Медетов Н.,
руководитель РГУ «УСЭК города Қонаев»

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сикымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №2133
Индексі – 65472.